ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 30 сәуір №7119-25-00-2/3517 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.М.Баткалова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Q-BAT» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272, 273-баптарының, 277-бабының 1-бөлігінің талаптарына сәйкес, Міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді. Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Заңының 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар

бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 Нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт тараптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады. Заңның 45-бабында мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа өзгерістер енгізудің негіздері белгіленген. Осыған байланысты, егер тараптар шартқа, жобалау-сметалық құжаттамаға Заңның 45-бабы 2-тармағының 7), 8), 9) тармақшаларына сәйкес өзгерістер енгізбесе, онда мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартта көзделген жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде қосымша келісімдерге сілтеме жасау негізсіз болып табылатынын соттар назарда ұстауға тиіс.

Іс материалдарына қарағанда, «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен «Q-BAT» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында түзілген 24.01.2025 жылғы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №127 шартқа сәйкес, Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес 62 380 077 теңгеге 9 позиция бойынша «Медициналық стент, коронарлық» тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

Документ подписан: Баткалова Г. М., 02.05.2025
Дата вступления в законную силу: 09.06.2025, судья Баткалова Г. М., 10.06.2025
7119-25-3-1/3143

Шарттың 3.1. тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Өнім беруші Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Шарттың 5.3. тармағына сәйкес, Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес жеткізу мерзімі Тапсырыс берушінің өтініші бойынша 16 күнтізбелік күн ішінде. Тапсырыс беруші өнім берушіге 2 877 278 теңге сомасында тауарларды жеткізуге 13.02.2025 ж. өтініш жолданған.

Жеткізу мерзімі 03.03.2025 ж. болып анықталған.

Өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін толық көлемде орындамағандықтан, тапсырыс беруші 11.03.2025 жылы өнім берушіге шартты бұзу туралы хабарлама жіберді, шарт 31.03.2025 жылы бұзылған.

Талап арызды негіздей отырып, талап қоюшы жауапкер техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес өз міндеттемелерін шартта көрсетілген мерзімдерде орындамағанын көрсетті.

Жауапкермен қарсы пікір берілмеген. Іс жүргізу әрекеттерінің шеңберінде жауапкердің өкілі шартты орындау мүмкін болмағандығын көрсете отырып, талаппен келіспейтінін көрсетті. Портал хабарламасына сәйкес 12.03.2025 ж. Өнім беруші орындау барысында Қазақстан Республикасындағы шарт нысанасын жеткізуге жеке құқықтар «DIVES» ЖШС (БСН 080440008915) және «Олива» ЖШС (БСН 990240000417) тиесілі екені белгілі болды. Көрсетілген тұлғалар мен өндірушінің өзі «Q-BAT» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне тауарды жеткізуден бас тартқанын көрсетті. АК-ның 349, 361, 367, 374 баптары одан әрі орындау мүмкін болмауына байланысты тараптардың өзара келісімі бойынша шартты бұзуды сұраған.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Заңының 8-бабының 4-тармағының 3),4) тармақшаларына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің және өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың

Документ подписан: Баткалова Г. М., 02.05.2025
Дата вступления в законную силу: 09.06.2025, судья Баткалова Г. М., 10.06.2025
7119-25-3-1/3143

талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Ұсынылған материалдардан жауапкердің шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін орындамағаны, шартта белгіленген мерзімде техникалық сипаттамаға сәйкес келетін қызмет көрсетілмегені анықталды.

Жауапкердің шартты орындау мүмкін болмағандығы жөнінде сілтемесі негізсіз болып табылады, себебі Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 414 бабына сәйкес, Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын ұсынуы шарттың жобасында және техникалық ерекшелікте көзделген талаптарды сақтай отырып, оның тауарды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді жүзеге асыруға келісімін білдіру нысаны болып табылады. Бұл ретте өнім беруші өтінімді берді және шартқа ескертулерсіз немесе ескертпелерсіз қол қойылған, бұл өнім берушінің шарттың қол қойылған нұсқасындағы талаптармен шартты орындауға келісімін көрсетеді.

Мұндай жағдайларда сот жауапкердің кінәсін азаматтық-құқықтық жауапкершілікке негіз ретінде, сондай-ақ тапсырыс беруші үшін шарт жасасу кезінде күткенін алмау кезіндегі жағымсыз салдарларды ескереді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, жауапкердің шарттық міндеттемелерді орындамауын және шартты бұзуын ескере отырып, сот жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану бөлігінде талап қанағаттандырылуға жатады деген қорытындыға келеді.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігін негізге ала отырып, сот жауапкерден 1966 теңге мемлекеттік бажды төлеуге кеткен сот шығындарын өндіріп алады.

АК-тің 293-бабының талаптарына сәйкес, айып төлеу (айыппұл, өсім) мәселесі реттеледі.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес, Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-ынан аспауға тиіс. Егер Өнім беруші тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілердің тізілімінде болса, онда тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың)

Документ подписан: Баткалова Г. М., 02.05.2025
Дата вступления в законную силу: 09.06.2025, судья Баткалова Г. М., 10.06.2025
7119-25-3-1/3143

жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 3% аспауға тиіс.

Жауапкер өз міндеттемелерін орындамағандықтан талап қоюшы 7.3 тармағына сәйкес шарттық тұрақсыздық айыбы 01.03.2025 жылдан 20.03.2025 жылғы кезеңге 2 877 278 теңге х 0,1% х 19 күн негізінде 54 668 теңге сомасында есеп ұсынған.

Берілген есеп шарт талаптарына сәйкес келмейді, өйткені міндеттемелерді орындау мерзуму 2025 жылдың 3 наурызына келеді, тұрақсыздық айыбын есептеу 2025 жылдың 4 наурызынан 2025 жылдың 20 наурызына дейін және мәлімдеген мерзім шегінде тұрақсыздық айыбы 48 914 теңге көлемінде өдіріп алуға жатады.

Мұндай жағдайларда жауапкердің қабылданған міндеттемелерін орындамауын ескере отырып, сот берілген талап шегінде 48 914 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талапты қанағаттандыруға жатады деген қорытындыға келеді.

АПК-нің 109-бабының 1-бөлігін негізге ала отырып, сот жауапкерден 1 468 теңге мемлекеттік бажды өндіріп алады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Q-BAT» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қойған мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - ішінара қанағаттандырылсын.

«Q-BAT» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Q-BAT» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«Q-BAT» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 48 914 (қырық сегіз мың тоғыз жүз он төртз) теңге тұрақсыздық айыбы және 1468 (бір мың төрт жүз алпыс сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім

Документ подписан: Батқалова Г. М., 02.05.2025
Дата вступления в законную силу: 09.06.2025, судья Батқалова Г. М., 10.06.2025
7119-25-3-1/3143

шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Г.М.Баткалова**

Документ подписан: Баткалова Г. М., 02.05.2025

Дата вступления в законную силу: 09.06.2025, судья Баткалова Г. М., 10.06.2025

7119-25-3-1/3143